

## Қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың турлерін анықтау

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 12 ақпандағы N 61/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 наурызда N 3479 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 09 қазандағы N 350/9 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 09.10.2013 N 350/9 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағы негізінде, Шарбақты ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: елді мекендер аумақтарын көріктендіру және тазалау.

2. Қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаға сотталғандармен жазаны өтеу орны: Шарбақты ауданы әкімдігінің "Қайнар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, Шарбақты ауданы әкімдігінің "Ланта" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3. Ауыл округтерінің әкімдері Шарбақты аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Бақтылы Қайырбекқызы Қалыбаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Асқаров*